

ТКРЛ. Яени - детский сад, Айтмак
ГЧ. Аппарат акаима Бадалишынского
сельского округа Каргалинского района

УТВЕРЖДАЮ

Заведующая

(наименование должности руководителя)

Айбергит

(подпись, фамилия, имя, отчество)

Кушакова И.С.

(дата подписания)

АКТ

об уничтожении печатей и штампов

15 января 2020г.

(дата составления)

№ 1

(номер)

С. Бадалише

(подпись)

Основание: Террористическая организация

Составлен комиссией в составе:

Председатель комиссии:

Заведующая Кушакова И.С. Каргалинского

(наименование должности / профессии, Фамилия, Имя, Отчество)

Члены комиссии:

Председатель профкома Кушакова И.С. Садыкова

(наименование должности / профессии, Фамилия, Имя, Отчество)

Менеджер Градильнова Бибура Кенаровна

(наименование должности / профессии, Фамилия, Имя, Отчество)

(наименование должности / профессии, Фамилия, Имя, Отчество)

Настоящим актом комиссия подтверждает уничтожение печатей и штампов:

Наименование, количество и оттиск	Наименование, количество и оттиск
ТКРЛ. Яени - детский сад, Айтмак ГЧ. Аппарат акаима Бадалишынского сельского округа Каргалинского района.	

Причина уничтожения:

Террористическая организация

Время уничтожения:

9.00г.

Место уничтожения:

С. Бадалише

Способ уничтожения:

Комиссия пришла к заключению, что предпринятые меры привели к полному разрушению печатающих поверхностей печатей и штампов, не допускающему возможности их восстановления и дальнейшего использования.

Настоящий акт составлен в 2 экземплярах:

Председатель комиссии:

Заведующая

(наименование должности / профессии)

Айбергит

(подпись)

Кушакова И.С.

(расшифровка подписи)

15.01.2020г.

(дата)

Члены комиссии:

Председатель профкома

(наименование должности / профессии)

И.С.

(подпись)

Кушакова И.С.

(расшифровка подписи)

15.01.2020г.

(дата)

Менеджер

(наименование должности / профессии)

Градильнова

(подпись)

Градильнова И.С.

(расшифровка подписи)

15.01.2020г.

(дата)

(наименование должности / профессии)

(подпись)

(расшифровка подписи)

(дата)

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ
КОРПОРАЦИЯ
«ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН»

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша
филиалының Қарғалы аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі**

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама

БСН990240002532

Бадамша селосы

12.01.2021

Атауы:

"Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Айгөлек" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорыны

Орналасқан жері:

Қазақстан, Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Бадамша ауылдық округі, Бадамша ауылы, Әйтеке Би көшесі, 28 ү.

Басшы:

Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған(таңдалған) басқарушы
КУЖАКОВА МАЙРА САРСЕНГАЛИЕВНА

**Құрылтайшылар
(қатысушылар):**

"Ақтөбе облысы әкімінің аппараты"
мемлекеттік мекемесі

**Алғашқы мемлекеттік
тіркеу күні:**

10.02.1999

**Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды
тұлғаның қайта мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжат болып
табылады**

**Тіркеу органының
басшысы:**

Бакитжанов К.З.

Берілген күні:

12.01.2021

«АЗАМАТТАРҒА
АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»
МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ
ОБЩЕСТВО
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ
КОРПОРАЦИЯ
«ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН»

Отдел Каргалинского района по регистрации и земельному кадастру
филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная
корпорация «Правительство для граждан» по Актыобинской области

Справка о государственной перерегистрации юридического лица

БИН990240002532

село Бадамша

12.01.2021

Наименование:	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли - детский сад «Айгөлек» государственного учреждения «Отдел образования Каргалинского района Управления образования Актыобинской области»
Местонахождение:	Казахстан, Актыобинская область, Каргалинский район, Бадамшинский сельский округ, село Бадамша, ул. Айтеке Би, д. 28
Руководитель:	Руководитель, назначенный (избранный) уполномоченным органом юридического лица КУЖАКОВА МАЙРА САРСЕНГАЛИЕВНА
Учредители (участники):	Государственное учреждение "Аппарат акима Актыобинской области"
Дата первичной государственной регистрации	10.02.1999

Справка является документом, подтверждающим государственную перерегистрацию юридического лица, в соответствии с законодательством Республики Казахстан

Руководитель
регистрающего
органа:

Бакитжанов К.З.

Дата выдачи:

12.01.2021

**Уведомление № KZ80RVK00026886
о начале осуществления деятельности**

1. Полное наименование государственного органа Государственное учреждение "Департамент по обеспечению качества в сфере образования Актобинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан"

2. Полное наименование юридического лица/ФИО, БИН/ИНН Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли - детский сад «Айгөлек» государственного учреждения «Отдел образования Каргалинского района Управления образования Актобинской области», 990240002532

3. Вид уведомления начале осуществления деятельности

4. Вид деятельности Уведомление о начале или прекращении деятельности в сфере дошкольного воспитания и обучения

5. Адрес местонахождения юридического лица/местожительства физического лица 030500, Республика Казахстан, Актобинская область, Каргалинский район, Бадамшинский с.о., с. Бадамша, улица Айтеке Би, дом № 28

(почтовый индекс, область, город, район, населенный пункт, наименование улицы, номер дома/здания (стационарного помещения))

6. Контактная информация:

Электронная почта digokk_2010.2010@mail.ru

Телефоны 87134222068

Факс

7. Адрес(а) осуществления деятельности

№	Адрес
1	030500, Республика Казахстан, Актобинская область, Айтеке Би, дом № 28

8. Дополнительные сведения

(указывается информация согласно законодательству Республики Казахстан)


9. Время и дата начала осуществления деятельности с 20.01.2021 16:04:14

Подавая данное уведомление, заявитель подтверждает нижеследующее:

- все указанные данные являются официальными, и на них может быть направлена любая информация по вопросам осуществления деятельности или определенных действий;
- заявителю не запрещено судом заниматься заявленным видом деятельности или отдельными действиями;
- все прилагаемые документы соответствуют действительности и являются действительными;
- заявитель обеспечивает соблюдение требований законодательства Республики Казахстан, обязательных для исполнения до начала осуществления деятельности или определенных действий и в последующем.

Подписано: Кужакова Майра Сарсенгалиевна, Заведующая

Дата и время подачи: 20.01.2021 16:04:14



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
ЖАРҒЫСЫ**

УСТАВ
государственного коммунального казенного предприятия
«Ясли-детский сад «Айгөлек» государственного учреждения
«Отдел образования Каргалинского района Управления образования
Актюбинской области»

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2020 жылғы «30» 12
№ 490 қаулысымен
бекітілді

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ереже

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылы 25 желтоқсандағы № 1335 «Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың мекеме-әкімгерлерінің мәселелері» қаулысын және Ақтөбе облысы әкімінің 1999 жылғы 18 қаңтардағы № 1 «Мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар тізбесін бекіту туралы» шешімін орындау үшін Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімінің 1999 жылғы 26 қаңтардағы №259 шешіміне сәйкес құрылды.

3. Ақтөбе облысының әкімдігі (бұдан әрі - Құрылтайшы) кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

4. Ақтөбе облысының әкімдігі атынан «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі - Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) болып табылады.

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – Тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

7. Кәсіпорынның мекен-жайы: индекс 030500, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Бадамша ауылдық округы, Бадамша ауылы, Әйтеке би көшесі, 28А үйі.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктер, шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар мөрі болады.

10. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

Мемлекеттік кәсіпорын – табиғи монополия субъектісі жергілікті атқарушы органның және мемлекеттік органның келісімімен табиғи монополиялар саласында және реттелмелі нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзіндік тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорынның қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні:

1) Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық салт – дәстүрлері негізінде балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, толыққанды денені дамыту, салауатты өмір салтының құндылықтарына қатыстыру;

2) басты құзырлықтарға ие баланың жеке тұлғасын, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке басы мәдениетін дамыту;

3) Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүрлер, нормалар, мінез-құлық тәртіптері, адамның жағымды мінез-құлқы үлгісін мектепке дейінгі балада құндылықтар, адамгершілік бағдарларын қалыптастыру;

4) баланы Отанды, туған өлкені сүйуге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, қоршаған ортаға, отбасыға, өзге ұлт адамдарына толеранттық қарым-қатынасқа тәрбиелеу;

5) балада қоршаған әлемнің тұтас бейнесін, өзі, жақын әлеуметтік орта туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;

6) баланың танымдық дамуы, интеллектуалдық іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастыру, білімпаздығын дамыту;

7) баланың әсемдік талғамын, бейнелеу, көркем тіл, саз іс – әрекеттерін шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

13. Кәсіпорын мақсаты әрбір баланың шығармашылық, рухани дамуының мүмкіндіктері үшін қолайлы жағдай жасау, олардың табиғи дамуы мен жүйкесінің саулығын нығайту, баланың мүдделері мен ата-ананың сұраныстарын ескере отырып, қабілеттілігін дамыту, балаларды мектептегі оқуға дайындау болып табылады.

14. Кәсіпорын мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.

Кәсіпорын жарғыда бекітілген қызметтердің мәні мен мақсатына сәйкес келмейтін қызметтермен айналысуға, сондай-ақ келісімдер жасауға тыйым салынады.

15. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Тиісті саланың уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

16. Кәсіпорынның жарғыдан тыс әрекетін жүзеге асыруға бағытталған басшының іс-әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік шаралар мен материалдық жауапкершілікке тартылады.

4. Оқыту, қабылдау, жинақтау жүйесін ұйымдастыру тәртібі

17. Кәсіпорынның тәрбиеленушілер контингенті Кәсіпорынның типіне және балалардың жастарына сай құрылады. Кәсіпорынға бір жастан бес жасқа дейінгі балалар қабылданады. Кәсіпорында мектепке дейінгі топтары бар.

18. Топтардағы балалар саны «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» Ережесінің 14 қосымшасына сәйкес анықталады. Топтардың толтырылуы балалардың жас ерекшеліктеріне (бір жастан бес жасқа дейін) байланысты белгіленеді:

1 жастан – 10 бала

2 жастан – 25 бала

3 жастан – 25 бала

4 жастан -25 бала

19. Өтініштерді есепке алу, мектепке дейінгі мекемеге қабылдау үшін жолдама рәсімдеу және беру тәртібін Мемлекеттік басқару органы белгілейді. Баланы Кәсіпорынға басқару органның жолдамасы, баланың даму тарихының көшірмесі, эпидемиологиялық ортасы туралы учаскелік дәрігердің анықтамасы негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорын мен тәрбиешілер, олардың ата-аналары (заңды өкілдер) арасындағы қатынастарды реттеу және рәсімдеу келісім-шартта көрсетіледі.

Балаларды күтіп бағу үшін төлемді Уәкілетті орган бекітіп, ата-аналармен жасалған келісім-шартта көрсетіледі.

20. Баланың орны келесі жағдайларда сақталады:

- 1) бала сырқаттанып қалған уақытта;
- 2) санаториялық – курорттық, медициналық және т.б. мекемелерде емделу және сауықтыру кезінде;
- 3) ата-анасының біреуіне еңбек демалысы берілгенде;
- 4) жазғы мезгілде баланы екі ай мерзімге дейін, сауықтыру кезінде.

21. Басшының балаларды мектепке дейінгі ұйымнан шығаруы мемлекеттік басқару органы

ның келісімімен мынадай жағдайда жүргізіледі:

- 1) баланы күтіп бағу үшін өтелетін ай сайынғы төлемнің уақытылы жүргізілмеуі (1 айдан артық);
- 2) дәлелді себепсіз және әкімшілікті ескертпей баланың келмей қалуы;
- 3) мектепке дейінгі ұйымда болуына кедергі болатын баланың жағдайы туралы медициналық қорытынды бойынша және мемлекеттік басқару органның өкіметке қатысты болады.

22. Оқыту және тәрбиелеу қазақ, орыс тілдерінде жүргізіледі.

23. Оқыту тәрбиелеу ісі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде жасалған оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады және Жарғымен анықталады. Кәсіпорын тиімді оқыту – тәрбиелеу істерін камтамасыз ету үшін педагогтарға (баланың шығармашылық, рухани және дене дамуы, адамгершілікке, салауатты өмір салтын қалыптастыру) білім беру саласындағы ҚР орталық атқару орындары бекіткен оқыту, тәрбиелеу және сауықтырудың жаңа тәсілдерін енгізу, баламалы авторлық бағдарламаларын қолдануды таңдау құқығын береді.

24. Кәсіпорынның жұмыс тәртібін педагогикалық қызметкерлерге арналған нормативтік оқу жүктемесін негізге ала отырып, бес күндік және сенбі, жексенбі және мереке күндерін – демалыс күндері деп Құрылтайшы бекітеді.

25. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі келісім-шартта анықталады.

26. Тәрбиеленушілердің құзіреттілігінің даму деңгейін бағалау, білім беру саласы бойынша балалардың жас ерекшелігіне байланысты :

- 1) даму құзіреттілігінің деңгейі мониторингі, индикатор жүйесі үш шартты белгісі бойынша жүзеге асырылады;
- 2) Кәсіпорынды аттестациялау кезінде;
- 3) ҚР заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да бақылау түрлері.

Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің оқу жүктемесі және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен айқындалады.

27. Кәсіпорын ҚР «Білім туралы» Заңының 59 бабына сәйкес бес жылда бір рет аттестациядан өтеді.

Аттестация өткізілу кезінде:

- 1) Кәсіпорынның мемлекеттік, жалпы білім беру стандарттарын орындауы;
- 2) Кәсіпорын өз қызметінде білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауы қаралады.

5. Оқыту-тәрбиелеу процесіне қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттері

28. Оқыту-тәрбиелеу процессінің негізгі қатысушылары болып, балалар, ата-аналар, оларды ауыстырушылар, тәрбиешілер және басқа педагогтар табылады.

29. Бала құқығына «Бала құқығы туралы» БҰҰ конвенциясы, ҚР заңнамасы, ата-ана мен Кәсіпорын арасында жасалған келісім-шарт және ҚР басқада заңға қосымша актілер кепілдеме береді.

30. Әрбір балаға берілетін кепілдік:

- 1) өмір мен денсаулығын сақтау;
- 2) дене, моральдық және психикалық жәбірлеудің барлық түрлерінен қорғау;
- 3) беделін қорғау;
- 4) оның шығармашылық қабілеттілігі мен қызығушылығын тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес дамыту;
- 5) икемділігі, қабілеттілігі, ынтасы мен денсаулығына сәйкес қосымша оқыту қызметтерін алу;
- 6) сапалы мектеп алдындағы дайындық.

31. Ата-аналар (заңды өкілдері) құқықты:

- 1) мектепке дейінгі Кәсіпорынды баланың денсаулығына, ынтасына, жеке қабілеттіліктеріне, ерекшелігіне қарай таңдауға;
- 2) балаларды тәрбиелеу және оқыту проблемасы бойынша консультациялық көмек алуға;
- 3) мектепке дейінгі Кәсіпорын Жарғысымен айқындалған шамада балаларды бақылап қарау, күту, тәрбиелеу және дамытуды талап етуге;
- Мектепке дейінгі Кәсіпорын мен ата-ана (заңды өкіл) арасында жасалған келісім-шартқа қаралған;
- 4) педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитетінің жұмысына қатысу;
- 5) балаларды күтудің жағдайларын жақсарту үшін Кәсіпорынның тұрмысына араласу;
- 6) кәсіпорын мен ата-ана (заңды өкіл) арасында жасалған келісім-шарттың сөзсіз орындалуын талап ету;
- 7) ата-аналар шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 8) Кәсіпорын жарғысымен және тәрбиелеу-білім беру процесін реттеуді басқа да құжаттармен теңдеу;
- 9) Кәсіпорыннан баланы шығару туралы шешімге жазбаша хабарлама алған сәттен бастап шағымдану.

32. Ата-аналар (заңды өкілдері) жауапты болуға міндетті:

- 1) балалардың Кәсіпорынға қатысуын қамтамасыз етуге;
- 2) Кәсіпорын жарғысын орындауға;
- 3) өткізілетін ата-аналар жиналыстарына қатысуға;
- 4) ата-аналар мен Кәсіпорын арасында жасалған келісім шарттарының орындалуына;
- 5) баланың тамақтануына арналған қаржыларды дер кезінде төлеуге;
- 6) баланың саукастығы немесе оның болмауы жөніндегі Кәсіпорынға дер кезінде хабарлау;
- 7) баланы тәрбиелеу, оқыту және дамытуға ықпал ету.

33. Балалармен педагогикалық жұмысты жоғары, орта кәсіби және педагогикалық білімі бар мамандар жүзеге асырады.

34. Педагогикалық қызметке сот үкімімен немесе медициналық көрсеткіштерге сәйкес, осы қызмет құқығынан айырылғандар, сондай-ақ белгілі бір қылмысы үшін сотталғандығы бар адамдар жіберілмейді.

35. Кәсіпорын тәрбиешісі және басқа педагогтар Кәсіпорынның оқу-тәрбие процесі кезінде тәрбиеленушілер өмірі мен денсаулығын қорғауға дербес жауап береді. Кәсіпорынның тәрбиешісі және басқа педагогтар міндетті:

- 1) балалар өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге, олардың бойына салауатты өмір салтын сіңіруге;
- 2) тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқутудың қаралған мемлекетке жалпы білім беру стандарттарына сәйкес деңгейден төмен емес дамуын қамтамасыз ету;
- 3) педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;
- 4) тәрбиеленушілер намысын құрметтеу;
- 5) медициналық бақылаудан дер кезінде өту;
- 6) тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылықтарын анықтап, дамыту;
- 7) салауатты өмір салтын жүргізу.

Кәсіпорын тәрбиешілерінің және басқа педагогтардың құқығы бар:

- 1) тиісті кәсіби білімі болса, педагогикалық қызметпен шұғылдануға;
- 2) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқутудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау жағдайлары кезінде ұйымдастыру мен қызмет тәсілдерін, түрлерін еркін таңдауға;
- 3) педагогикалық кеңес жұмысына қатысу;
- 4) санат алу, қызметтік өсу мақсатында бұрын аттестациядан өтуге;
- 5) өз кәсіби ар-намысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен кепілдендірумен басқа да құқықтарын қорғауға.

6. Кәсіпорынды басқару

36. Кәсіпорынды жалпы басқаруды Тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

37. Кәсіпорынның құрылтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорын құру, қайта құру және жою туралы шешім қабылдайды;
2) Мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынның мүлік бойынша уәкілетті органға мемлекеттік және жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу бойынша келісім береді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

38. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынның жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) Кәсіпорынның құрылымын қалыптастыру тәртібін және басқару органдарының құзырет мерзімін Мекемемен шешім қабылдау тәртібін анықтайды;

4) Кәсіпорын басшысының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін, оны қызметтен босату негіздемелерін анықтайды;

5) Кәсіпорынның құрылымын және штаттық саны шегін бекітеді;

6) Жылдық қаржылық есепті бекітеді;

7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

39. Кәсіпорынның мүлік бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасымен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемеге мүлікті бекітеді;

2) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

40. Кәсіпорынның басшысы (бұдан әрі - Менгеруші) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Тиісті саласының уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

41. Кәсіпорынның Менгерушісі жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады және Мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

42. Менгеруші дара басшылық қағидаттары бойынша әрекет етеді және кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

43. Кәсіпорын қызметті жүзеге асыруы барысында Менгеруші Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда және де өзге ұйымдарға Кәсіпорын мүдделерін ұсынады;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) Кәсіпорын іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банктік шоттар ашады;
- 7) барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Кәсіпорын қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік шараларды қолданады;
- 10) Кәсіпорын қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

7. Кәсіпорынның мүлкін қалыптастыру тәртібі

44. Кәсіпорын мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Кәсіпорынның мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

45. Кәсіпорын дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлікпен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

46. Кәсіпорынның қызметі облыстық бюджетінен қаржыландырылады.

47. Кәсіпорын бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

48. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Тиісті саланың уәкілетті органы және өзге де органдары жүзеге асырады.

49. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша тоқтатылады..

51. Жедел басқару құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, осы жарғыда 49-шы тармағында карастырылған жедел басқару құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

52. Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- жедел басқару құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің максаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

- артық, пайдаланылмайтын не максатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

53. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе жергілікті атқарушы орган тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорыннан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

54. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

55. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

8. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

56. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін жергілікті атқарушы орган айқындайды.

57. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

58. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

59. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

60. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің) тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

61. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебін құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

9. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

62. Кәсіпорынның жарғылық капиталыменшік иесінен жарғы қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

10. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

63. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржы есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісінше саланың уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептілік ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

64. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтер теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазба қамтиды.

11. Кәсіпорынның жауапкершілігі

65. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Қаражаттың жеткіліксіз жағдайда оның міндеттемелері жөніндегі субсидиялық жауапкершілік Қазақстан Республикасы немесе жергілікті-аумақтық бірлік өтейді.

12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

66. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шаруашылық сәйкес айқындалады.

67. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

68. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

69. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымды адамның айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

70. Мекеме басшысының, оның орынбасарларының, бас есепшінің лауазымдық айлыкақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

14. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

71. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

72. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

73. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның акшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

15. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

74. Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.